«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№ 02-08/1288

«01» 06 2018 ж.

Ақтау қаласы, 23 ш/а. Қоғамдық үйінің ғимараты

Укрепление семейных отношений «Аялы алақан» қоғамдық қоры

Ақтау қаласы 13 ш/а, 24 үй 27 пәтер
Тел 87473093931, Email: go-irina@mail.ru

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент),* Сіздің веб-портал арқылы 16.05.2018 жылғы №14045 санды шағымыңыз бойынша Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ-нің *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан №2489874-1 санды №17103723-ГСЗ1 лот бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жастар саясаты саласындағы әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұйымдастыру және өткізу бойынша қызметтер» жөніндегі өткізілген мемлекеттік сатып алуына камералдық тексеру жүргізіліп келесіні хабарлайды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының *(бұдан әрі – Қағида)* 233-тармағында осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша балды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептелетіні көрсетілген.

Аталған 12-қосымшаның 5-бөлімінде әлеуетті өнім берушінің екі жылға дейінгі сатып алынатын қызметтердің мәніне сәйкес келетін қызмет нарығындағы жұмыс тәжірибесіне 4 бал берілетіні көрсетілген.

Демек, Безбен қоғамдық қоры біліктілік туралы мәліметінде аталған қызметпен айналысқандығы жөніндегі мәліметіне сәйкес берілген.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңызда көрсетілген мән жайлар өз дәлелін тапқан жоқ.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Орын: Е.Башагулов
Тел 31-90-92.